

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» тақырыбындағы жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы

03 қыркүйек, 2025 ж

Төрағалық еткен: Б. Қарымсақова – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері»

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

Төраға жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

Бүгінгі күн тәртібінде қарастырылып отырған мәселе, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ұйымдастырған **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт»** тақырыбындағы жиын отырысында көтерілген мәселелерге талқылау жүргізіп, шешім қабылдау.

1. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері Б. Қарымақова бұл жиынның басты мақсаты – ұжым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың белгілері және алдын алу, мекемедегі сыбайлас жемқорлық қатерлерін жою бойынша жиынды ашып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның экскурсовод маманы А. Алтынбекова комплаенс офицері Б. Қарымсақованың сөзіне келісіп, кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, сыбайлас жемқорлыққа негіздеме мен заңнама мен шектеулер жайында баяндады.

Күн тәртібіндегі жасалған баяндамалар назарға алынып,

ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ:

1. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жайында түсіндіру жұмыстары жөнінде баяндамалар назарға алынсын.

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың тармақтарына түсіндіру жұмыстары туралы кәсіпорын қызметкерлеріне үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрағалық еткен



Б. Қарымсақова